## Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың 2014 - 2015 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 22 мамырдағы № 531 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 234 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.04.2015 № 234 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың 2014 – 2015 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Орталық, жергілікті және өзге де мемлекеттік органдар, ұйымдар (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жылына екі рет, тиісінше 8 ақпанға және 8 тамызға қарай Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жылына екі рет, тиісінше 15 ақпанға және 15 тамызға қарай Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жылына екі рет, тиісінше 28 ақпанға және 28 тамызға қарай Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

5. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың 2013 – 2015 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 190 қаулысы;

2) «Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың 2013 – 2015 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 190 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 қарашадағы № 1177 қаулысы.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 22 мамырдағы № 531 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың 2014 – 2015 жылдарға арналған кешенді жоспары

## Кіріспе

Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың 2014 – 2015 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Жоспар) Үкіметтің 2013 жылғы 11 қазандағы кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті берген тапсырмалар ескеріле отырып әзірленді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2013 жылы жүргізілген жұмысты ескере отырып, Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың кешенді жоспарын өзектілендіру бойынша жұмыс жүргізді.

2013 жылы Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың 2013 – 2015 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – 2013 – 2015 жылдарға арналған жоспар) іс-шараларының басым бөлігін іске асыру мерзімдерінің аяқталуына байланысты «Мемлекеттік қаржы», «Фискалдық жүйе», «Бизнесті жүргізу шарттары» бағыттары оңтайландырылды.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша көлеңкелі экономиканың дамуын туындататын себеп-салдарлық байланыстардың жүйелік тәсілі мен неғұрлым тереңдетілген талдауы жоспарда көрініс тапқан.

Жоспардың іс-шаралары көлеңкелі экономика салдарын жоюға емес, экономикалық агенттердің өз өндірістік қызметін көлеңкеге алып кетуге итермелейтін себептердің алдын алуға және жолын кесуге де бағытталған.

**Көлеңкелі экономиканың ағымдағы жағдайын талдау**

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес 2012 жылдың қорытындылары бойынша ЖІӨ көлеміндегі көлеңкелі экономиканың үлесі 2005 жылғы 20,1 %-дан төмендеп, 19,2 %-ды құрады (1-сурет).

1-сурет – Көлеңкелі экономиканың 2005 – 2012 жылдардағы ЖІӨ көлеміндегі үлесі, %-бен




Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі (жасырын және формалды емес экономика бойынша деректер ғана ескеріледі)

Көлеңкелі экономиканың негізгі үлесі (64,6 %) 4 салаға тиесілі: «Сауда» – 22,9 %, «Ауыл шаруашылығы» – 15,6 %, «Көлік» – 14,1 %, «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» – 12 % (2-сурет).

2-сурет – Көлеңкелі экономиканың 2012 жылғы салалық құрылымы




Шетелдік сарапшылардың зерттеулеріне сәйкес 2012 жылдың қорытындылары бойынша көлеңкелі экономиканың ең үлкен көлемі Шығыс Еуропа және Балтық елдерінде байқалады, атап айтқанда Болгарияда – 31,9 %, Румынияда – 29,1 %, Литвада – 28,5 % және Эстонияда – 28,2 %. Батыс Еуропаның Германия, Франция және Ұлыбритания сияқты елдерінде көлеңкелі экономика төмен, алайда олардың көрсеткіштері АҚШ-тан 7 %-ға және Жапониядан 8,8 %-ға төмен.

3-сурет – Әлем елдеріндегі 2012 жылғы көлеңкелі экономика, ЖІӨ-ге қатысты, %-бен




Дереккөз: Шетелдік сарапшылардың зерттеулері бойынша есептеулер

Қазақстандағы көлеңкелі экономиканың себептері

Көлеңкелі экономиканың пайда болу себептері елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне тікелей байланысты. Оларды үш негізгі топқа бөлуге болады: экономикалық, институционалдық және әлеуметтік-мәдени .

Көлеңкелі экономиканың экономикалық себептері

Түрлі секторлардың біркелкі дамымауы, инфляция, айырбас бағамдарының күрт ауытқуы және т.б. нарықтық экономикаға тән екені мәлім. Мұның бәрі көлеңкеге кетуге қолайлы негіз болып табылады. Мемлекет осы құбылыстарды реттей алмаған және кәсіпкерліктің жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасалмаған жағдайда, көлеңкеліктің құрамдас бөлігі күшейеді. Дағдарыстар кезеңдерінде нарық шаруашылығының тепе-теңдігі бұзылған жағдайда, көлеңкелі экономика өзінің дамуы үшін қосымша серпін алады.

Әртараптандырылмаған экономикадан туындаған құрылымдық теңгерімсіздік . Қазақстан экономикасының өндіруші салалары ұлттық экономиканың басты құрамдауыштары болып табылады. Қазақстанның ЖІӨ құрылымындағы шикізат секторының үлесі 21,8 %-ды құрайды. Қазақстандық экспорттың 77 %-дан астамы минералдық шикізат экспортына тиесілі.

Аталған тәуелділік нәтижесінде шикізат тауарларынан (мұнай, газ және басқалары) түсетін үлкен экспорттық табыстар ұлттық валюта бағамын нығайтады, бұл түптеп келгенде өнеркәсіптің басқа салаларын дамытуға кері әсер етеді және экономикадағы құрылымдық теңгерімсіздікті дамытуға ықпал етеді. Мұнайды сатудан түсетін жинақтарды қалыптастыру арқылы елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, экономиканың мұнай секторынан тәуелділігін және қолайсыз сыртқы факторлардың әсерін төмендету мақсатында 2000 жылы құрылған Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры тұтастай алғанда экономиканың қызып кетуін болдырмауға көмектеседі.

Сонымен қатар, ағымдағы теңгерімсіздік мынадай себептер бойынша

көлеңкелі секторды дамытудың алғышарттарын құрайды:

1) шамадан тыс тәуелділік еңбек ресурстары мен капиталдың өндіруші өнеркәсіпте көп шоғырлануы сияқты теріс салдарларға алып келеді, алайда, еңбек ресурстарына деген сұраныс шектеулі, бұл жұмыссыздықтың өсуіне алып келеді;

2) Қазақстан негізінен төмен немесе орташа қосымша құн (қосылған құн тізбектеріндегі төменгі шегі) тауашасын қамтиды;

3) Қазақстанның өндірістік секторындағы жергілікті қамтудың салыстырмалы деңгейі аз. Мысалы, болат өндірісінің қомақты көлеміне қарамастан, ел Ресейден болаттың үлкен көлемін импорттайды (арнайы болат, аспаптық болат және басқалары). Ұлттық компаниялар мен тау-кен өндіруші компаниялар сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің де көпшілігі импортталады, сол арқылы әртараптандыру мүмкіндігі тарылады;

4) Қазақстан дәстүрлі түрде аграрлық ел болып табылады, өйткені халықтың 45,1 %-ы ауылдық жерлерде тұрады. Оның ұлан байтақ аумағы ауыл шаруашылығы секторын дамыту үшін орасан зор әлеует береді, алайда ол толығымен іске қосылмаған.

Теңгерімделмеген өңірлік даму. Бейресми қызмет деңгейіне халықтың тұрмыс деңгейі мен оның табысы бойынша саралануы едәуір әсер етеді. 2006 жылы Қазақстандағы Джини (Gini) теңсіздік коэффициенті 0,312-ге, 2012 жылы 0,284-ке тең болды. «Үлгілі» деп аталатын Еуропа және әсіресе, Солтүстік Еуропа елдерінде ол 0,2-ден 0,3-ке дейінгі аралықта. Джини коэффициентінің мәні мейлінше жақсы болғанына қарамастан, Қазақстан халқын табыстар бойынша саралау әлі де күрделі проблема болып отыр.

2013 жылдың 9 айында жалпы өңірлік өнім 23259,2 млрд. теңгені құрады. Қазақстан өңірлері бөлінісінде ЖӨӨ-нің 18,3 %-ы Алматы қаласына тиесілі, онда номиналдық ақшалай табыс 903 мың теңгені құрайды. ЖӨӨ-дегі 2,2 %-ге тең ең аз үлес Солтүстік Қазақстан облысына тиесілі (номиналдық ақшалай табыс 421 мың теңге).

Бұл процеске салалық және өңірлік дамудағы теңгерімсіздік сияқты факторлар белгілі бір дәрежеде ықпал етеді. Қазақстан Республикасының өңірлік дамуы экономикалық мамандандыруға көп тәуелді. Сонымен бірге, негізгі капиталға барлық инвестициялардың шамамен 60 %-ы батыс облыстарына, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларына тиесілі. Осы облыстарға барлық жалпы өнімнің жартысынан астамы өндіріледі және ең жоғары жалақы төленеді. Мысалы, 2012 жылы Атырау облысындағы номиналдық орташа айлық жалақының деңгейі (180,4 мың теңге) Жамбыл облысындағы ұқсас көрсеткіштен (72,3 мың теңге) 2,5 есе артық.

Өңірлік және салалық дамудағы сәйкессіздіктер халықтық көші-қонының

негізгі бағыттарына да ықпал етеді, өйткені сыртқы және ең алдымен, ішкі көші-қон бағыты елдің барынша дамыған өңірлеріне бағытталған. Бұл жұмыс күшінің жергілікті нарығындағы ұсыныстың сұраныстан едәуір артуына алып келеді. Мәселен, 2012 жылы жұмыссыздықтың барынша жоғары деңгейі Маңғыстау облысында және Астана қаласында (5,7 %-дан), Оңтүстік Қазақстан облысы мен Алматы қаласында (5,6 %) қалыптасты.

Түптеп келгенде, пайда болатын жұмыссыздық әлеуметтік теңсіздік проблемасын одан әрі ушықтырады.

Табыстың салыстырмалы төмен деңгейі халықтың бір бөлігін қосымша табыс көзін формальды емес сектордан іздеуге мәжбүрлейді (тұрғын үйді жалға беру, жеке тасымал, базарларда сауда жасау, тұрғын үйді және тұрмыстық техниканы жөндеу, үйде қызмет көрсету және т.с.с).

Жұмыссыздық және теңгерімделмеген көші-қон саясаты. Белгілі бір дәрежеде қазақстандық еңбек нарығындағы жағдайдың шиеленісуіне шетелден келетін жұмыс күшінің көші-қон ағындары ықпал етеді. Мемлекетаралық көші-қон байланыстарының ішінде ең тығызы Қазақстанның Ресеймен, Өзбекстанмен, Түрікменстанмен және Қырғызстанмен байланыстары болып отыр. 2013 жылы 988,7 мың (2012 жылы 1 млн. 087,9 мың, - 9,1 %) шетелдік тіркелді, оның ішінде ТМД елдерінен 821,3 мың адам.

Статистикалық көрсеткіштердің төмендеуі, азаматтары кірген күнінен бастап 30 күн ішінде тіркелуден босатылған (басым көпшілігі бұл мерзім аяқталғанға дейін қайтып кетеді) Ресеймен және Беларуссиямен келісімдер және тағы да 90 тәулікке ұзарта отырып, 90 тәулікке дейінгі мерзімге тіркелу туралы (бұдан бұрын 30+30 күн болатын) Қырғызстанмен келісім жасасумен түсіндіріледі. Бұл ретте бұл елдерден нақты көші-қон лектері азайған жоқ.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта Қазақстанға келетін еңбек көші-қонының негізгі бөлігі заңсыз сипатқа ие (Қазақстанда экономиканың жетекші салаларындағы жалақысы жоғары шетел мамандары ғана толығымен заңдастырылған), сол себепті ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан негізгі проблема осы болып отыр.

Қазақстанға Орталық Азия елдерінен заңсыз келетін көшіп-қонушылар саны туралы деректер қазіргі уақытта әр алуан болып отыр. Шамамен алынған бағалау бойынша бір жыл ішінде республикаға 700 мыңнан астам шетелдік келеді және олардың басым бөлігі – шамамен 600 мыңы – ТМД елдерінен. Бұл ретте, жыл сайын заңсыз көшіп-қонушылардың өсуі байқалып отыр.

Заңсыз көшіп-қонушылар легі көлеңкелі сектордың өсуіне ықпал етеді. Жалпы алғанда, заңсыз көшіп-қонушылар көбіне бір жағынан мәртебесін заңдастыруды талап етпейтін, екінші жағынан – материалдық әл-ауқатқа жылдам қол жеткізу үшін кең мүмкіндіктер беретін көлеңкелі экономика саласына

қызмет көрсететін формальды емес еңбек нарығы шеңберінде жұмыс істеуге құмар. Бұл жағдайда табысты салық салудан жасыру орын алады. Еңбекші көшіп-қонушылардың қызметін реттеу саласындағы отандық заңнаманың жеткілікті пысықталмауы салықтық есепке алынбайтын факторлық төлемдер көлемінің артуына себеп болды. Заңсыз жұмыс күшін пайдаланатын кәсіпорындар тиісті салықтарды төлеу бойынша міндеттемелерді орындамайды. Айталық, 2013 жылдың 9 айының қорытындылары бойынша шетелдік жұмыс күшін заңсыз тартудың 2289 фактісі анықталды. Әкімшілік жауапкершілікке 100,4 мың шетелдік тартылды, оның ішінде 3049 шетелдік республикадан тыс жерлерге шығарылды.

Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру фактілері бойынша 46, шекараны заңсыз кесіп өту бойынша 180 қылмыстық іс қозғалды.

Заңсыз еңбекші көшіп-қонушыларды пайдалану негізінен ұсақ және орта кәсіпорындарда таралған, олар үшін жалақы қорының мөлшері шаруашылық қызметтің нәтижелеріне әсер етеді. Алайда, орта және ұсақ кәсіпорындардан бөлек, заңсыз жұмыс күшін пайдалану рентабельділігі жоғары салалардағы ірі кәсіпорындарда да кездеседі.

Бір жағынан Қырғызстан мен Қытай арасында және екінші жағынан Қырғызстан мен Қазақстан арасында визасыз режимнің болуы Қазақстанды қытай көшіп-қонушылары үшін тартымды етеді. Қазақстандағы қытай азаматтарының еңбек қызметі көлемін бағалау көрсеткіштерінің бірі еңбек қызметінен түсетін табыстардың шығарылымын көрсететін төлем балансының « Жұмыс істейтіндердің ақша аударымдары» бабы болып табылады. Соңғы бірнеше жылда аталған көрсеткіштің айтарлықтай өсуі байқалады.

Институционалдық себептер

Көлеңкелі экономиканың пайда болуының институционалдық себептерінің бірі бюджет қаражатын жоспарлау процесінің жетілмегендігі, ал жекелеген жағдайларда оларды тиімсіз пайдалану болып табылады. Осылайша, тәуекелдерді бағалау жүйесінің болмауы немесе жеткіліксіз енгізілуі бюджет қаражатын бөлу кезінде ең көп бұзушылықтар анықталған мемлекеттік органдар бойынша ғана қосымша қаражат бөлінетін жағдайлар жасайды. Мемлекеттік шығыстарды негізсіз жоспарлағаны үшін жауапкершіліктің болмауы.

Қолданыстағы заңнамада бюджет қаражатын жұмсау (мақсатқа сай емес, тиімсіз пайдалану және басқалары) сатысындағы ғана жауапкершілік көзделген. Бұл ретте қадағаланбайтын экономикаға құнды арттыру жолымен бюджеттен қаражат шығару неғұрлым ерте сатысында жоспарлау кезеңінде жасалады.

Заңнаманың жетілдірілмеуі мен нормативтік құқықтық актілердің орындалуын бақылаудың әлсіздігі бизнесті дамытудағы әкімшілік кедергілердің туындауына жағдай жасап, мемлекеттік қызметшілердің, сол сияқты бизнес

өкілдерінің тарапынан заңға қайшы әрекеттер жасауға негіз қалыптастырады.

Қосылған құн салығын әкімшілендіру, Кеден одағының шекарасы арқылы өтетін тауарларды кедендік әкімшілендіру жүйесінің тиімсіздігі нақты табыстарды жасыруға және салық төлеуден жалтаруға алып келеді.

Әлеуметтік-мәдени себептер

Заңдарды бұзу және билік пен ірі бизнес өкілдерінің тарапынан сыбайлас жемқорлық қоғамдағы моральдық-этикалық нормалардың төмендеуіне ықпал етіп, азаматтардың бойында құқықтық нигилизм қалыптастырады. Бұл өз кезегінде әрбір азамат немесе шаруашылық жүргізуші субъекті өз қызметін құқықтық алаңнан тыс жүзеге асыра алатындай орта қалыптастырады.

Бүгінгі күні сөз байласу, сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік қызметшілер табысының ашық болмауы шарттарының бірі мемлекеттік шешімдер қабылдаған кезде адами факторлардың орын алуы болып табылады. Бұдан басқа, бағдарламалар мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдардың жетіспеушілігі, сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықпен өзара іс-қимыл жасаудың нашарлығы септігін тигізеді.

**Мақсаттар мен міндеттер**

Жоспардың негізгі мақсаты елдегі көлеңкелі экономиканың деңгейін қысқарту үшін жағдай жасау және экономика субъектілерін көлеңкеге кетуге итермелейтін себептерді жою болып табылады.

Жоспардың негізгі міндеттері:

1) экономиканың салаларында көлеңкелі айналымды қысқарту арқылы жұмыспен қамтуды заңдастыру;

2) бейресми жұмыспен қамтылғандарды экономиканың ресми саласына тарту ;

3) бюджет түсімдерінің көлемін ұлғайту;

4) қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемін ұлғайту;

5) мемлекеттік қаржы саласындағы бұзушылықтарды қысқарту;

6) контрафактілі өнімдерді және контрабанданы қысқарту.

Көлеңкелі экономикаға қарсы әрекет ету және оның деңгейін төмендету бойынша көзделген мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында көлеңкелі экономикамен күрестегі әлемдік тәжірибе зерделеніп, мынадай тәсілдер негізге алынды:

1. Көлеңкелі экономиканың пайда болуына ықпал ететін себеп-салдарлық байланыстарды диагностикалау.

2. Жүйелік және салалық сипаттағы шараларды әзірлей отырып, көлеңкелі экономиканың пайда болу себептерін жою.

3. Табысты әлемдік тәжірибені пайдалану.

4. Ең аз мемлекеттік шығыстар мен әкімшілік ресурстар кезінде барынша әсер беретін іс-шараларға баса назар аудара отырып шаралар қабылдау.

**Жоспардың негізгі бағыттары**

2014 – 2015 жылдары көлеңкелі экономикамен күрес мынадай негізгі бағыттар бойынша жалғастырылатын болады:

1. Жалпыжүйелік шаралар:

1) салықтар мен кедендік төлемдер төлеуден жалтарумен күрес;

2) қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту;

3) мемлекеттік қаржыны тиімді басқару;

4) бизнес ортаны жетілдіру;

6) әлемдік тәжірибені ескере отырып, көлеңкелі экономиканы бағалау.

2. Көлеңкелі экономиканың үлесі ең көп экономика салаларында көлеңкелі өндірісті қысқарту:

1) сауда;

2) ауыл шаруашылығы;

3) көлік;

4) жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар;

5) өнеркәсіп.

**Жалпы жүйелі шаралар**

1. Салықтар мен кедендік төлемдер төлеуден жалтарумен күрес

Көлеңкелі экономиканың пайда болу себептері елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен байланысты, бұл ретте көлеңкелі экономика елде белгіленген салықтық мөлшерлемелердің төмен болуына қарамастан, бюджетке салықтар төлеуден жалтару арқылы табыстарды едәуір төмендетуге әкеледі.

2007 – 2013 жылдары жалған кәсіпорындар деп танылған салық төлеушілердің саны 1 352 құрады, ал ҚҚС бойынша залал сомасы – 193 млрд. теңге.

Бұдан басқа, шамамен 6 мың салық төлеуші ҚҚС бойынша декларация тапсырмайды не нөлдік декларация тапсырады, бұл ретте шот-фактуралар беріледі. Нәтижесінде, ҚҚС бойынша бюджет шығасысы жылына орта есеппен 128 млрд. теңгені құрады.

Ұсыну мерзімін оңайлату және ұлғайту бойынша қабылданып жатқан қадамдарға қарамастан, шектеусіз көлемде қосымша салық есептіліктерін ұсыну арқылы салықтық міндеттемелерді орындаудан жалтару проблемалары бар.

Мәселен, 2012 жылы ұсынылған қосымша салық есептілігі 942 248 құрады, оның ішінде тек ҚҚС бойынша – 219 010.

Бір қарағанда, салықтық есептілікті түзетудің қолданыстағы практикасы жалпы өзін-өзі ақтады, бірақ егжей-тегжейлі талдау кезінде көбінесе бұл

құқықты жалған (тауарсыз) шот-фактураларды жазу, алмастыру немесе оларды қолдан жасау арқылы жосықсыз салық төлеушілер теріс пайдаланатыны белгіленді және оларда қосымша есептілікті ұсыну арқылы салық есептілігіндегі ақпаратты түзетулер саны бірнеше ондықты құрайды.

Бұл ретте, халықаралық тәжірибе дамыған елдерде қосымша салықтық есептілікті ұсыну кезінде заңнамалық шектеулер белгіленетінін көрсетті.

Салық-кеден саласында көлеңкелі экономиканың пайда болуына түрткі болатын себептерді жою мақсатында мынадай шаралар ұсынылады:

1) ҚҚС төлеушілер үшін арнайы ҚҚС-шотын енгізу;

2) барлық ҚҚС төлеушілердің электронды шот-фактураларды қолдануы;

3) ҚҚС бойынша есепке қою кезінде талаптарды қатаңдату;

4) салықтық тексерулерді жүргізген кезде және салық есептілігінің қосымша нысандарын қабылдаған кезде мәннің нысаннан басым болу қағидатын енгізу;

5) кредиттік ұйымдар, басқа бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мен жылдам төлемдер жүйесі арқылы ақшаны жылыстату жөніндегі «көлеңкелі» қаржы қызметтерінің схемаларына мониторинг пен қаржылық талдау жүргізу әдістемесін әзірлеу;

6) ірі салық төлеушілерге салықтық тексерулер жүргізу барысында Е-аудитті енгізу;

7) сауда саласындағы барлық жеке кәсіпкерлерді патент бойынша арнайы салықтық режимнен бақылау-касса машиналарын немесе POS-терминалдарды міндетті пайдаланатын оңайлатылған декларацияға біртіндеп ауыстыру;

8) кедендік тексерулер жүргізу барысында электрондық аудитті әзірлеу және енгізу.

Жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде фискалдық әкімшілендірудің жақсаруы, салық төлеуден жалтаруды қысқарту, кедендік және салықтық рәсімдерді жетілдіру күтіледі.

Ұсынылған іс-шаралар іске асырылған жағдайда, көлеңкелі экономикадан шығарылатын айналым мөлшері 1,1 трлн. теңгеге бағаланады.

2. Қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту

Бүкіл әлемде «көлеңкелі» белсенділіктің пайда болуының негізгі себебі қолма-қол ақша немесе тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін қолма-қол төлеу арқылы есеп айырысу болып табылады, өйткені қолма-қол ақша нақты табысты жасыру мүмкіндігін жеңілдетеді және мұндай ақша транзакцияларын «қадағалау» мүмкіндігін жоққа шығарып, сол арқылы аталған қызмет түрін салық және құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ мемлекеттік статистика органдарынан жасыруды қамтамасыз етеді, мұның өзі нақты табыстарды жасыру мен салықты төлеуден жалтару, Еңбек кодексін бұзу (әлеуметтік аударымдардың

болмауы, еңбекке ақы төлеудің жол берілмейтін деңгейі), капитал мен заңсыз көшіп-қонушылардың табысын қазақстандық салық салу саласынан жасырып қалу сияқты салдарға әкеп соқтырады.

Жалпы, ақша айналымында қолма-қол қаражат үлесі бойынша көлеңкелі экономиканың көлемі туралы айтуға болады. Осы үлес көп болған сайын, экономикадағы көлеңкелі айналымның пайда болу қаупі жоғары болады. Қазақстанда ақша массасының құрылымында соңғы жылдары айналымдағы қолма-қол ақшаның үлесі біртіндеп төмендеп келе жатқанын атап өту қажет. Соңғы 10 жылда ол шамамен 2 есеге: 2000 жылы 27 %-дан 2012 жылғы қорытындылар бойынша 14,5 %-ға дейін төмендеді. Дамып келе жатқан елдерде бұл көрсеткіш шамамен 15 %, ал дамыған елдерде 7-10 % құрайды.

Сонымен бірге, бүгінгі күні қолма-қол ақшасыз төлемдер нарығындағы жағдай мынадай болып отыр:

1) Қазақстан бойынша электрондық банктік қызметтер нарығының даму көрсеткіштерінде едәуір айырма бар, яғни ірі қалалардағы көрсеткіш – жоғары және облыстар бойынша төмен. Айталық, 2013 жылы электрондық банктік терминалдар көрсеткіштерінің неғұрлым дамыған желісі Алматы қаласында байқалды, оның үлесіне барлық POS-терминалдардың 31,4 %-ы, банкоматтардың 19,9 %-ы және банктік киоскілердің 19,9 %-ы тиесілі. Астана қаласында POS-терминалдардың 12,7 %-ы, банкоматтардың 10,2 %-ы және банктік киоскілердің 8,7%-ы орнатылды. Қалған өңірлердің бәрінде дерлік бұл көрсеткіштер 10 %-дан төмен;

2) төлем карталарын ұстаушыларға қатысты орнатылған терминалдардың саны бойынша (1000 ұстаушыға 3 терминал) Қазақстан Республикасы дамыған елдердің көрсеткіштерінен артта, мәселен, Англияда 1000 ұстаушыға 8, Сингапурда 17, Швейцарияда шамамен 10 терминалдан келеді;

3) Қазақстан Республикасында банкоматтар санының көп болуы төлем инфрақұрылымының дамығандығы мен тиімділігін айғақтамайды. Айталық, Алматы қаласының төлем инфрақұрылымын бағалау шеңберінде Дүниежүзілік банк пен VISA компанияларының өкілдері қаланың аудандарын аталған техникалық құрылғылармен жабдықтаудың біркелкі болмауын және оның жекелеген жерлерде жоғары шоғырлануын атап өтті, Еуропа мен АҚШ-та мұндай жағдай байқалмайды.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта елде қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемін ұлғайтудың тұрақты үрдісі сақталып отыр. Осылайша, 2013 жылдың қорытындысы бойынша ұлттық төлем жүйелері арқылы 177,6 трлн. теңге сомасына 35,2 млн. транзакция өткізілді.

Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемін қоса алғанда, төлем карточкалары нарығы көрсеткіштері

өсуінің оң серпіні байқалады. 2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы транзакциялар саны 14,6 %-ға, ал сомасы 17,5 %-ға ұлғайды. Қазақстандық эмитенттердің тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдері 0,9 трлн. теңге сомасына 54,1 млн. транзакцияны құрады, 2012 жылмен салыстырғанда саны бойынша 36,3 %-ға және сомасы бойынша 26,2 %-ға ұлғайды.

2013 жылдың басында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1743 қаулысы қолданысқа енгізілді, оған сәйкес дара кәсіпкерлер (ДК) белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыра отырып, ақы төлеуде төлем карточкаларын қабылдауға, тиісінше POS-терминалдарды орнатуға міндеттенеді. Салық комитетінің деректері бойынша мұндай ДК саны 160 мыңнан астам.

2013 жылғы жүргізілген жұмыстың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың 2013 – 2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Қазақстан Халық банкі» АҚ және «Қазкоммерцбанк» АҚ mPOS-терминалдар арқылы төлем карточкаларын пайдаланып төлемдер қабылдау жөніндегі қызметті енгізді, олардың құны кәсіпкерлік субъектілері үшін қолжетімді (шамамен 10 мың теңге). Қазіргі уақытта 2014 жылы тағы 5 банк аталған шешімді іске қосу мүмкіндігін қарастыруда.

Электрондық төлемдер көлемінің өсуіне байланысты, қаржы құралдары нарығында және электрондық операциялар саласындағы құқық бұзушылықтардың саны мен залалы ұлғайып келеді.

Көрсетілген құқық бұзушылықтарға бағалы қағаздармен жасалатын заңсыз операцияларды, вексельдерді және банк кепілдемелерін қолдан жасауды, жалған кредиттік карточкалар мен чектерді, оның ішінде Visa, MasterCard, AmericanExpress халықаралық төлем жүйелерін пайдалануды, компьютерлік, оның ішінде банк жүйелеріне санкцияланбаған қолжетімділікті жатқызуға болады. Деректер бойынша жасанды ақша мен бағалы қағаздарды жасау мен өткізуден экономикаға келген нұқсан 200 мың теңгеден асады.

Еуропа, Америка және Азия елдеріндегі халықаралық тәжірибе электронды төлемдерді (e-payment) енгізу көлеңкелі экономикамен күрестің тиімді шараларының бірі екендігін дәлелдейді. Аталған шараның қолданылуы ауыл шаруашылығы мен бөлшек саудадан бастап жолаушылар тасымалы мен тұрғын үйді жалға алу төлемдеріне дейін экономиканың барлық салаларын қамтиды. Электрондық төлемдерді жаппай пайдалану тиісті уәкілетті органдардың барлық электрондық операцияларды тексеру мен бақылауды жүзеге асыруы мүмкін болуынан ресми емес экономикалық белсенділікті қиындатады.

Еуропа елдерінің ғалымдары мен экономистерінің зерттеулері Европалық

одақтың жекелеп алынған бір елінде «көлеңкелі» экономиканың мөлшері мен e-payments пайдалану деңгейі арасындағы өзара байланыстың тығыз екенін ( корреляцияны) дәлелдеді. Айталық, электрондық төлемдерді пайдалану көрсеткіші өте жоғары Ұлыбританияда (ЖІӨ-нің 10,1 %) және Нидерландыда ( ЖІӨ-нің 9,5 %) «көлеңкелі» экономиканың мөлшері электрондық төлемдер кең ауқымда қолданылмайтын Румыния (ЖІӨ-нің 29,1 %) немесе Болгария (ЖІӨ-нің 31,9 %) сияқты елдерге қатысты төмен. Зерттеулер нәтижелеріне сәйкес электрондық төлемдерді пайдалану деңгейін 10 %-ға арттыру «көлеңкелі» экономика мөлшерін 5%-ға азайтуға мүмкіндік береді. Заңсыз белсенділіктің төмендеу себептерінің бірі электрондық төлемдердің ыңғайлылығы және « көлеңкелі» операцияларға көбінесе аңдаусыз қатысатын адамдардың мінез-құлқы мен әдеттерін өзгертуге қабілетті қоғамдық сана мен сауаттылықтың артуы болып табылады.

Электрондық төлемдер жүргізу мүмкіндігі үшін қолма-қол төлемдерді, оның ішінде электрондық аппараттарды енгізу арқылы қысқарту жөніндегі тиісті шараларды бүкіл әлем бойынша көптеген елдер қабылдады.

Мексикада мемлекет шағын сауда орындарында (дүкендерде) электрондық терминалдарды сатып алу мен орнатуды субсидиялады.

Колумбия мен Аргентинада электрондық төлем карточкасын пайдалану кезінде бөлшек өнімді сатудан түсетін салыққа осындай төлемдерді неғұрлым қарқынды пайдалану үшін жеңілдік енгізілген болатын.

Греция мен Италияда шекті баға енгізілді (Грецияда 1,500 евро және Италияда 2,500 евро), бұдан жоғары барлық төлемдер электрондық терминалдар арқылы жасалуы тиіс.

Оңтүстік Кореяда салық қызметі өз азаматтарына электрондық төлем карталары арқылы жүргізілген сатып алу мен төлемдердің жалпы көлемі сомасының бір бөлігін қайтаруды (өтеуді) ұсынады. Аталған ұсыныс Оңтүстік Кореяда дебеттік және кредиттік карталарды пайдалануды айтарлықтай жоғарылатты.

Қазіргі бар проблемаларды шешу шеңберінде Жоспарда мынадай шаралар ұсынылады:

1) заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін қолма-қол түрде төлемдерді жүзеге асыруға шектеулер енгізу, банктік шоттардан қолма-қол ақша алуға лимит белгілеу бойынша заңнамалық шаралар енгізу;

2) сауда және қызмет көрсету саласында міндетті түрде POS-терминалдар орнату;

3) экономиканың басқа салаларында SIM-карталары бар бақылау-касса машиналарын міндетті түрде қолдануды өрістету.

Жиынтығында аталған шараларды іске асыру елде қолма-қол емес

төлемдердің тиімді дамуын, нарық субъектілерінің шығасыларын едәуір төмендетуге және төлемдердің қауіпсіздігін арттыруды қамтамасыз етуге қабілетті технологиялық ортаны құруға мүмкіндік береді.

Қолма-қол емес төлемдердің жылына кемінде 5 %-ға өсуі шараларды қабылдаудан күтілетін нәтиже болады.

3. Мемлекеттік қаржыны тиімді басқару

Көлеңкелі экономика бағыттарының бірі мемлекет қаражатын тиімсіз пайдалану және оны көлеңкелі секторға шығару болып табылады.

Мемлекеттік қаржы саласында қаражаттың мынадай бағыттар бойынша « көлеңкеге» кетуіне ықпал ететін жағдайлар бар: мемлекеттік қаржыны жоспарлау мен басқарудың тиімсіз жүйесі, мемлекеттік сатып алу саласындағы қаржылық бұзушылықтар, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі және шығыстардың бухгалтерлік есебі, фискалдық әкімшілендірудің жетілмегендігі.

1. Мемлекеттік қаржыны жоспарлау мен басқарудың тиімсіз жүйесі.

Мемлекеттік қаражатты мемлекеттік шығыстарды жоспарлау кезеңінде көлеңкелі экономикаға шығару ұлғайтылған және негізсіз шығыстарды енгізу ( жобаларды жасанды қымбаттату) арқылы жүзеге асырылады. Өңірлерде бағалар бойынша бірыңғай ақпараттық-талдамалық базаның, сондай-ақ көрсетілген қызметтерге арналған нормалардың, нормативтердің болмауы, мемлекеттік шығыстарды жоспарлау кезінде бюджеттік өтінімдерді қарау мерзімінің тығыздығы ұлғайтылған және негізсіз шығыстарды енгізуге және «пара беру» жүйесін белгілеуге мүмкіндік береді. Бюджеттік өтінімге енгізілетін, ұсынылатын прайстар мен бағалардың дұрыстығын тексерудің мүмкін болмауы «пара беру» сомасын бюджетті жоспарлау сатысында көздеуге мүмкіндік береді. Айталық, мысалы, белгілі бір үлгідегі компьютерлік техниканы, жиһаз сатып алуды, үй-жайларды сатып алуды немесе жалға алуды әрбір ведомство әртүрлі, қасақана ұлғайтылған бағалармен жүзеге асырады, бұл ақшаны жылыстатуға жағдай туғызады.

Мемлекет қаражатын көлеңкелі айналымға шығаруға ықпал ететін бірнеше факторды атап өту қажет:

1) бюджет қаражатын жоспарлау және бөлу кезінде тәуекелдерді басқару жүйесінің (бұдан әрі – ТБЖ) болмауы немесе жеткілікті дәрежеде енгізілмеуі. ТБЖ накты критерийлерінің болмауы қосымша қаражаттың неғұрлым көп бұзушылықтар анықталған мемлекеттік органдарға бөлінуіне жағдайлар туғызады;

2) мемлекет шығыстарын негізсіз жоспарлау үшін жауапкершіліктің болмауы немесе айқын еместігі. Осындай шешімдер қабылдағаны үшін жасырын сыйақы болған жағдайда, осы құнды қалыптастырудың барлық кезеңдерінде инвестициялық жобалардың құнын және ағымдағы шығыстарды көтеру.

2013 – 2015 жылдарға арналған жоспарды іске асыру шеңберінде 2013 жылғы 3 желтоқсанда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға (бұдан әрі – Заң) қол қойды.

Заңның шеңберінде оны дербес құжат ретінде бекіту және әрбір бюджеттік бағдарламаға бюджеттік бағдарламаның басшысын – оны жоспарлауды және орындалуын қамтамасыз ететін лауазымды адамды бекіту арқылы бюджеттік бағдарламаның рөлі күшейтілді;

3) тауарлар сипаттамаларының, техникалық сипаттамалардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) накты стандарттарының, қаражатты жоспарлау кезіндегі белгіленген нормативтердің болмауы бюджеттік өтінімге енгізілетін, ұсынылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік бермейді. Бұл, өз кезегінде, техникалық ерекшелікті негізсіз көтеруге және ұқсас тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағасының әртүрлі болуына мүмкіндік береді.

2013 – 2015 жылдарға арналған жоспарды іске асыру шеңберінде 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап бағалар жүйесінің жұмысын ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік сатып алу процесін жоспарлау мен жүзеге асыруды да қамтамасыз ететін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай сыныптамасы (бұдан әрі – ТЖҚБС) пайдаланылады.

Қолданыстағы ұлттық стандарттарды (бұдан әрі – ҚР СТ) ТЖҚБС-ға қосу мүмкіндігін айқындау мақсатында оларға талдау жүргізілді.

Талдау нәтижелеріне сәйкес 2013 жылғы 11 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚР СТ базасындағы стандарттардың саны барлығы 5221 бірлікті құрағандықтан, ТЖҚБС-ның тиісті стандарттарды толық қамтуы мүмкін болмайтыны анықталды ;

4) ұлттық холдингтер мен компаниялардағы ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімсіздігі: ішкі қағидалардың сақталуын нашар бақылау, қызметті жүргізуді регламенттейтін ішкі құжаттарда/қағидаларда кемшіліктер мен қателердің болуы, ішкі және сыртқы алаяқтық және нормативтік актілерді, заңнаманы немесе компания саясатын орындамау ниетімен болған әрекеттердің салдарынан келген шығындар сияқты едәуір операциялық тәуекелдерге әкеп соқтырады.

5) мемлекеттік тапсырмаларды (инвестициялық іс-шараларды) іске асыруға бюджет қаражатын бөлу тетігінің тиімсіздігі.

2013 – 2015 жылдарға арналған жоспарды іске асыру шеңберінде 2013 жылы мемлекеттік тапсырманы орындау ашықтығын арттыру, бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалануды болдырмау мақсатында заңнамалық бекітуді талап ететін ұсыныстар (заңнамада айқындалған тізбе бойынша мемлекеттік тапсырманы

орындаушыларды таңдау, қосалқы мердігерді конкурстық рәсімдер арқылы тарту , көрсетілетін қызметтерді қосалқы мердігерлікке беру үлесін шектеу және тағы басқалар) енгізілді.

2. Мемлекеттік сатып алу саласындағы қаржылық бұзушылықтар.

Көлеңкелі экономикаға түрткі болатын негізгі көздердің бірі мемлекеттік сатып алу шеңберінде алынатын бюджет қаражаты болып табылады. Мемлекеттік сатып алу саласында қаржылық бұзушылықтардың жоғары деңгейі байқалады. Атайлық, 2013 жылдың 9 айы ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті 3111 тексеруді жүзеге асырды, олардың ішінде 1399-ында мемлекеттік сатып алу туралы заңнама бұзушылықтары анықталған, бұл ретте осындай сатып алу сомасы 187 млн. теңгені құрады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында сатып алудың жалпы көлемінде мемлекеттік сатып алу үлесі шамамен 16 %-ды (2012 жылғы деректер бойынша) құрайды. Қалған 84 %-ы ұлттық басқарушы холдингтердің, жер қойнауын пайдаланушылардың, табиғи монополиялар субъектілерінің, ұлттық компаниялардың сатып алуы. Мәселен, 2012 жылы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» акционерлік қоғамының компаниялар топтарының сатып алу көлемі мемлекеттік сатып алумен салыстырғанда (1 трлн. 589 млрд. теңге) 1,5 есеге ұлғайды және 4770 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, ұлттық компанияларда шоғырландырылған қаражаттың жұмсалуына бақылауды күшейту қажет.

3. Мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі және шығыстарды бухгалтерлік есептеу жүйесі.

Мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің тиімсіздігі және шығыстарды бұрмаланған бухгалтерлік есебі қаражатты көлеңкеге шығаруға мүмкіндік береді, көлеңкелі схемалардың дамуына және қаражатты бақылаудан шығаруға негіз жасайды.

4. Фискалдық әкімшілендірудің жетілмегендігі.

Фискалдық органдарды тиімсіз әкімшілендіру көлеңкелі экономика өсуінің негізгі факторларының бірі болып табылады.

Фискалдық органдар жұмысының жеткіліксіз тиімділігі түрлі айла-шарғыны пайдалану, көлеңкелі табысты қолма-қол ақшаға айналдыру үшін жасанды фирмалар құру арқылы салық және кеден төлемдерін төлеуден жалтару мүмкіндігін арттырады.

Бюджетті жоспарлаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру, мемлекеттік қаражатты бөлу кезінде мемлекеттік сатып алуды бақылауды күшейту, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін нығайту, фискалдық әкімшілендірудің тиімділігін арттыру мақсатында мынадай негізгі шаралар ұсынылады:

1) қосалқы мердігерлер жұмыстарды іс жүзінде орындаған кезде оларға

берілетін ақша қаражаты аударылатын жекелеген шоттар ашуды көздей отырып, мердігерлердің шарттар бойынша міндеттемелерін орындауын айқын әкімшілендіруді қамтамасыз ету;

2) бұзушылықтарды (артық, тиімсіз шығыстар және т.с.с.) уақтылы анықтау және тиісті шараларды, оның ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін жауапкершілікке тарта отырып қабылдау мақсатында бюджет шығыстарын жоспарлау кезінде тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу;

3) жобалау-сметалық құжаттамалар мен техникалық-экономикалық негіздемелердің сараптамалары мен оларды әзірлеуге қойылатын талаптар сапасын арттыруды қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік тапсырмаларды (инвестициялық іс-шаралар және т.с.с.) іске асыруға бюджет қаражатын бөлудің жаңа тетіктерін әзірлеу;

5) мемлекеттік аудит жүйесін енгізудің құқықтық тетігін құру және мемлекеттік қаражат пен мемлекеттің активтерін басқару, пайдалану тиімділігін арттыру үшін ұсынымдар әзірлеу;

6) жасанды кедергілерді алып тастау мақсатында шарттардың орындалу тетігін (оның ішінде квазимемлекеттік сектордың) жетілдіру;

7) квазимемлекеттік секторда ішкі аудит қызметтерінің жүйесін, оның ішінде корпоративтік басқару шеңберінде олардың функциялары мен өкілеттіктерін кеңейту бойынша жетілдіру.

Жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде бюджеттік шығыстарды жоспарлау және бөлу кезінде бұзушылықтар санының төмендеуі, квазимемлекеттік секторда ішкі аудит қызметтері жүйесінің жақсаруы, бюджет қаражаты игерілмеуінің төмендеуі күтіледі.

4. Бизнес-ортаны жетілдіру

Қазақстанда, даму деңгейіне қарамастан, басқа көптеген елдердегі сияқты экономикалық қызметті шамадан тыс реттеу проблемасы бар. Бизнесті құру және жүргізу кезінде кәсіпкерлер ұстануға тиіс күрделі және ашық емес рәсімдер экономикалық өсудің ең негізгі кедергісі болып табылады. Бұл рәсімдер өндіріс шығыстарын және кәсіпкерлердің шығасыларын ұлғайтады, олардың нарыққа қолжетімділігін шектейді, бизнестің дамуын тежейді, бизнес ортаны нашарлатады және сыбайлас жемқорлыққа итермелейді.

Әкімшілік кедергілер экономиканың көлеңкелі секторының пайда болу себептерінің бірі болып табылады. Бизнестің «көлеңкеден» шығуы үшін ынталандырушы факторлардың болмауын олардың көлеңкелі секторда жұмыс істеуінің тағы бір себебі ретінде бөліп көрсетуге болады.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мемлекеттік органдар тиісті деңгейде орындамайды, тәуекелдерді басқару жүйелері формальды түрде іске асырылады,

бақылау-қадағалау қызметінің тиімділігі анықталған бұзушылықтардың көлемі мен олар бойынша қабылданған шаралар бойынша бағаланады.

Соның салдарынан бизнеске қатысты бақылау мен қадағалау бақыланатын салалардың шын мәнінде жақсаруына әкелмейді, ал бизнес артық қысым көреді.

Соңғы жылдары елде бизнес-ахуалды жақсарту жөнінде бірқатар шаралар қабылданды. Айталық, 2006 жылы «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда мемлекеттік органдардың жанынан сарапшылық кеңестер құру көзделген. Нәтижесінде бизнестің орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар жанынан құрылған сарапшылық кеңестер арқылы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу мүмкіндігін иеленді.

2007 жылы «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда лицензияланатын қызмет түрлерінің түбегейлі тізбесі және лицензиялаудың жаңа қағидаттары бекітілді.

Рұқсат беру жүйесін реформалау 2009 жылы Қазақстан Республикасында рұқсат беру жүйесін жетілдірудің 2009 – 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдаумен басталды.

2011 жылы лицензияларды алу кезінде барлық мемлекеттік органдармен келісу үшін «бір терезе» қағидаттары енгізілді, «үндемеу – келісу белгісі» барлық рұқсаттарға таралған. Сондай-ақ лицензиялар берудің бірыңғай мерзімі – 15 жұмыс күні, құжаттар топтамасының толықтығын екі күн мерзімде тексеру белгіленді, құжаттарды міндетті түрде нотариаттық куәландыру алынып тасталды.

2012 жылы азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін тікелей тәуекелмен байланысты емес, ақпараттық сипаттағы, жоғары қауіптерден қауіпсіздікті қамтамасыз етуге әсер етпейтін рұқсаттар үшін барлық лицензияларды беру электрондық форматқа ауыстырылды, хабардар ету тәртібі енгізілді.

2012 жылы бизнес үшін рұқсат беру құжаттарының жалпы санын 30%-ға кезең-кезеңмен қысқарту жүзеге асырылды, заңды тұлғаларды және жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу рәсімдері айтарлықтай оңайлатылды.

2011 жылы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күшіне енуі кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың маңызды реформасы болды, онда мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау қызметін жүзеге асырудың бірыңғай қағидаттары белгіленді.

2012 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап үш жылға дейін оларға қатысты жоспарлы тексерулерді жүргізуге тыйым салынды.

Лицензиялық-рұқсат беру жүйесін реформалау барлық рұқсаттарды беруді

электронды форматқа ауыстырумен қатар жүргізілуде.

2013 жылғы 1 қаңтардан бері барлық лицензияларды беру электрондық лицензиялау жүйесі арқылы жүзеге асырылуда.

Жүргізіліп жатқан реформаларға қарамастан, тұтастай алғанда Қазақстан Республикасында қандай да бір рұқсат беру құжатын, лицензияны енгізудің немесе алып тастаудың орындылығы мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың кәсіпкерліктің қоғамдық бірлестіктерімен өзара іс-қимыл нашар қамтамасыз етілуде. Мемлекеттік басқарушылық шешімдерді кеңесу негізінде қабылдауға қатысу мүмкіндігі ғана көзделеді. Рұқсаттардың тізбесі кодекстер, заңдар деңгейінде, сол сияқты заңға тәуелді актілер деңгейінде де айқындалады және үнемі өзгеріп отырады.

Сонымен бірге, мемлекеттік органдардың реттеушілік өкілеттіктерді кеңейтуге ұмтылуы, азаматтық қоғам институттарының, оның ішінде бизнес-қауымдастықтардың дамымағандығы, құқықтық мәдениеттің төмен деңгейі және кәсіпкерлік дәстүрдің болмауы, сыбайлас жемқорлық және экономиканы монополияландырудың жоғары деңгейі орын алған.

Осыған байланысты, бизнес пен биліктің тиімді әріптестігінің негізінде кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыру үшін 2013 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрылды.

2012 жылы «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» бірыңғай Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң) әзірлеуді көздейтін Рұқсат беру жүйесін одан әрі реформалаудың 2012 – 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлданды, оған сәйкес бизнес үшін жаңа рұқсат Заңмен бекітілген рұқсаттар тізбесіне тиісті рұқсатты енгізу арқылы ғана және рұқсатты енгізудің бастамашысы – мемлекеттік орган енгізілетін рұқсаттың реттеушілік әсеріне талдау жүргізгеннен кейін ғана пайда болуы мүмкін.

2013 жылы Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы әзірленді, оның негізгі қағидаты мемлекет, бизнес пен тұтынушылар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету болады. Яғни, енді кәсіпкерлік, мемлекеттік органдар бизнес үшін жаңа талаптар енгізбестен бұрын оны негіздеуі және реттеушілік әсерін талдау арқылы бизнестің және мемлекеттің шығындарын есептеуді күшейтуі тиіс. Осылайша, негізделмеген реттеушілік құралдарды енгізудің жолында тосқауыл қамтамасыз етілетін болады.

Қазіргі уақытта Кәсіпкерлік кодексінің жобасы әзірленді, онда кәсіпкерлік, кәсіпкерлік субъектілері және олардың жұмыс істеуінің жағдайлары, кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін құқықтық реттеу туралы жалпы нормаларды көздей отырып, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу блогына баса назар аударылған.

2013 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен Кәсіпкерлік саласындағы заңнамаға тексеру жүргізу жөніндегі комиссия құрылды, оның шеңберінде кәсіпкерлік субъектілері қызметінің жағдайын жақсарту және мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын ретке келтіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестицияларды тарту процесін тежейді және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс ықпал етіп, ел болашағы үшін қауіп төндіреді.

Соңғы жылдары лауазымды адамдардың сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауы жүйелі сипатқа ие болды. Республикалық және облыстық деңгейдегі жүзден астам лауазымды адам жауапкершілікке тартылды. 2013 жылы 1847 ( 2012 жылы 1828) сыбайлас жемқорлық туралы қылмыс, оның ішінде 460 парақорлық жағдай (2012 жылы 483) тіркелді. 2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда сыбайлас жемқорлық қылмыстары 28,8 %-ға ұлғайды (1 755-тен 1 395-ке дейін). Сеніп тапсырылған мүлікті иеленумен немесе ысырап қылумен байланысты 202 (380) сыбайлас жемқорлық сипатындағы көріністер анықталды.

Ең алдымен, мұндай құқыққа қайшы әрекет әлеуеті жағынан табысты болып табылатын немесе мемлекеттік, сол сияқты мемлекеттік емес деңгейде өнімдер ( тауарлар және көрсетілетін қызметтер) өндірісінде монополияға ие болуы мүмкін кәсіпорындарға қатысты байқалады.

Бизнесті жүргізу үшін қолайлы және тиімді жағдайлар жасау мақсатында көрсетілетін қызметтер сапасын бақылау бойынша өкілеттікті бизнес-ортаға беру жөнінде ұсыныстар енгізу (өзін-өзі реттеу жүйесін кеңейту) бойынша тетікті енгізу қажет.

Тұтастай алғанда, қабылданатын шаралар елде кәсіпкерліктің дамуы мен бизнес-ахуалды жақсарту үшін жағымды жағдайлар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

5. Әлемдік тәжірибені ескере отырып, көлеңкелі экономиканы бағалауды жетілдіру

Көлеңкелі экономикалық қызметті формальды экономикалық қызметтен ажыратуға болмайды және ол белгілі бір дәрежеде барлық елдерде бар. Көлеңкелі экономиканың көлемін есепке алу, ең алдымен, елдегі макроэкономикалық процестердің ауқымы мен серпіні туралы пайымды түзету үшін қажет, бұдан басқа бұл қазақстандық экономиканың жұмыс істеу тетігін неғұрлым дәл ашуға, экономикалық реформалардың нәтижелерін айқындауға және перспективаларын, қоғамды сараландыру үрдісін және т.б. бағалауға мүмкіндік береді.

Экономикалық тәжірибеде «көлеңкелі экономика» ұғымы көп аспектілі

болып табылады және үй шаруашылығы саласындағы жеке еңбектен бастап кәсіпкерліктің әртүрлі нысандарына дейінгі экономикалық қызметтің кез келген түрлерін қамтиды.

Халықаралық ұйымдардың стандарттарына негізделген қазақстандық статистикада (ұлттық есептер жүйесін қоса алғанда) «қадағаланбайтын экономика» термині қолданылады. Өз кезегінде, ол «жасырын», «заңсыз» және « формальды емес» қызмет деген ұғымдарды қамтиды. Қадағаланбайтын экономиканың келтірілген үш құрамдас бөлігі мынадай нақтылауларды білдіреді.

1. Жасырын өндіріс – өндірістік және заңды болып табылатын, бірақ салық төлеуден және әлеуметтік аударымдардан жалтару мақсатында мемлекеттік билік органдарынан әдейі жасырынатын қызмет түрлері ретінде айқындалатын өндіріс, сондай-ақ кейбір заңдастырылған стандарттарды, мысалы, ең төменгі жалақыны, жұмыс күнінің барынша ұзақтығын, қауіпсіздік нормаларын, санитариялық нормаларды және т.б. бұзуды жасыру; статистикалық сауалнамаларды немесе есептіліктің өзге де нысандарын толтыру сияқты белгілі бір әкімшілік рәсімдерден бас тарту үшін жасырылады.

2. Заңсыз өндіріс – заңда тыйым салынған немесе, егер өндірушілер тиісті рұқсатты алмай жүзеге асырса, заңсыз болып табылатын тауарлар мен қызметтер өндірілетін өндірістік қызмет түрлері ретінде айқындалатын өндіріс. Көп жағдайда көлеңкелі экономика есірткі бизнесі, жезөкшелік, қару-жарақ саудасы, контрабанда және т.б. сияқты заңсыз экономикалық қызметпен теңестіріледі. Бұдан басқа, бұған парақорлық, ұрлық, алаяқтық, рэкет және өндірушілер жасаған табысты қайта бөлуге әкелетін өзге де заңға қарсы әрекеттер сияқты экономикалық емес қызмет түрлері жатады.

3. Формальды емес сектордың өндірісі – тіркелмеген және/немесе мөлшері жұмыспен қамтылғандар саны бойынша айқындалған шекті мәнінен аз және қандай да бір нарықтық өндірісі бар үй шаруашылығы секторында корпорацияланбаған кәсіпорындар жүзеге асыратын өндірістік қызмет түрі ретінде айқындалатын өндіріс.

Осы құжатта «көлеңкелі экономика» деген ұғымның мағынасы кең және « қадағаланбайтын экономика» (бұдан әрі мәтін бойынша – көлеңкелі экономика) деген терминге тең.

Көлеңкелі экономиканың өндірісін есепке алудың мөлшерін бағалау әдіснамасы айтарлықтай күрделі, өйткені қадағаланбайтын экономикадағы әрбір операцияны ескеру іс жүзінде мүмкін емес. Сондықтан да көрсеткіштер, әдетте, шартты түрде есептеледі.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің практикасында көлеңкелі экономика екі құрамдауыш бойынша ғана бағаланады: жасырын және формальды емес экономика, заңсыз қызмет бойынша бағалау жүзеге

асырылмайды. Тұтастай алғанда, Қазақстанда көлеңкелі экономиканы бағалаудың мынадай әдістері қолданылады:

1) шолулар мен сауалнама жүргізу;

2) декларацияланбаған салық салынатын табысты бағалау;

3) статистикалық деректерлердегі алшақтықтардың негізінде кірістер мен шығыстарды бағалау әдісі.

Сонымен бірге, әлемдік практикада жоғарыда көрсетілген көлеңкелі экономиканы бағалау әдістерінен басқа қолма-қол ақша массасына сұраныстың, монетарлық транзакциялардың және өндіріс факторларын (мысалы, электрді) тұтынудың негізінде бағалау әдісі пайдаланылады.

Көлеңкелі экономиканы өлшеуге қойылатын ықтимал әдістердің әралуан болуына байланысты – Қазақстанда көлеңкелі экономиканы әртүрлі бағалау бар. Мәселен, 2007 жылы Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің бағалауы бойынша көлеңкелі экономиканың деңгейі ЖІӨ-ге қарағанда 19,8 %-ды құраған, ал осы жылы Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша деңгейі ЖІӨ-ге қарағанда 38,4 %-ды құрады.

2013 жылы Қазақстан Республикасы статистика агенттігі заңсыз қызметтің мынадай түрлері бойынша эксперименттік есептеулер жүргізді: заңсыз тауарларды өндіру және тарату (есірткі заттарын өндіру және тарату), заңсыз көрсетілетін қызметтер өндірісі (жезөкшелік), арнайы рұқсаты жоқ өндірушілердің заңды тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіруі (алкоголь өнімдерін өндіру), жасанды тауарлар мен шығармашылық түпнұсқалардың авторланбаған көшірмелерін өндіру мен сату, браконьерлік (ағашты заңсыз кесу, заңсыз аң аулау, балықты заңсыз аулау), контрабанда. Эксперименттік есептеулерге сәйкес заңсыз қызметтің көлемі ЖІӨ-ге қарағанда 0,76 %-ды құрады.

2014 – 2015 жылдары Қазақстандағы көлеңкелі экономиканы статистикалық бағалауды жақсарту бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. Атап айтқанда:

1) Заңсыз қызмет көлемін бағалау әдістемесін;

2) Экономикалық қызмет түрлері бойынша қадағаланбайтын экономиканы бағалау әдістемесін әзірлеу бойынша жұмыс жалғастырылады.

**Экономика салаларындағы көлеңкелі өндірісті қысқарту**

1. Көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу ( бұдан әрі – сауда)

Сауда саласы көлеңкелі экономикаға қомақты үлес қосады. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2012 жылы сауданың көлеңкелі экономикаға үлесі ЖІӨ-ге қарағанда жалпы 19,2 %-дан 4,4 пайыздық тармақты немесе 1335,3 млрд теңгені құраған. Бұл ретте сауданың жалпы қосылған құны ЖІӨ-нің құрылымында 15,2 %-ды қамтиды. Осылайша, сауда

саласының өзінің құрылымында көлеңкелі экономиканың үлесі осы саланың ЖҚҚ-на шаққанда 28,9 %-ды қамтиды, олардың ішінде 16,4 %-ы жасырын экономикаға, 12,5 %-ы бейресми экономикаға тиесілі.

Осылайша, көлеңкелі экономиканың негізгі көріністері салық төлеуден жалтару мақсатында жасырын өндіріс және формальды емес сектор, яғни стихиялық сауда және сауда базарларының ұйымдастырылмағандығы болып табылады. 2012 жылы бөлшек сауда тауар айналымы жалпы көлемінің шамамен 16 %-ын базарлардағы сауда (715,6 млрд теңге) құрады. Базарлар алаңының тұтыну тауарларын сататын дүкендерге арақатынасы 51,2 %-ға 48,8 %-ды құрайды.

Жүргізілген ағымдағы ахуалды талдау саудадағы кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістер мен салықтық түсімдерді көлеңкеден шығаруға ықпал ететін түрлі факторлардың едәуір санын көрсетті.

Мәселен, сауда саласында оның дамуында сауда базарлары елеулі рөл атқаратынын атап өткен жөн. Олар сауданың өздігінен дамитын маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Жетекші нарықтармен байланыстың көмегімен бөлшек сауда секторы өнім беру тізбегінде өндірістік қызметті ынталандырады және қосымша сервистің кең ауқымының дамуына ықпал етеді.

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елде жалпы алаңы 6,5 млн. шаршы метр 796 сауда базары бар. Сауда орындарының саны 189,2 мыңды құрады, олардың ішінде патенттер (куәліктер) бойынша сатумен айналысатындар саны – 58,4 мың бірлік.

796 базардың ішінен 396 (147,7 мың сауда орны) заңды тұлғаларға, 400 (41,5 мың сауда орны) дара кәсіпкерлерге тиесілі.

Осыны негізге ала отырып, тұтастай алғанда базарлар бүкіл сауданың дамуына елеулі ықпал ететіні және олардың жұмыс істеуіне байланысты проблемалар көлеңкелі айналымның туындау мәселелерін қарау кезінде түйінді болып табылатыны шығады.

Мынадай негізгі проблемаларды бөліп көрсетуге болады:

1. Сауда базарларының ұйымдастырылмағандығы және сауда саласындағы формальды емес жұмыспен қамту.

2012 жылы бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінің шамамен 16 %-ын сауда базарлары (715,6 млрд теңге) құрады. Алдын ала деректер бойынша 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда базарлардағы сауданың үлес салмағы бөлшек тауар айналымының жалпы көлемінің 15 %-ын немесе 773,9 млрд. теңгені құрады.

Бұл ретте сауда базарларының алаңдарын ескерсек, сауда алаңдарының жалпы қорында заманауи форматтың үлесі 17 %-ды құрайды.

2012 жылы сауда базарларының алаңы 6,5 млн. шаршы м құраған болатын.

Бұл ретте сауда нүктелері желісінің алаңы 9,9 млн. шаршы м құрады, ондағы тұтыну тауарларын сату дүкендері желісінің алаңы, оның ішінде сауда үйлері 6,8 млн.шаршы м құрады.

Базарлар алаңының тұтыну тауарларын сату дүкендеріне қатысты арақатынасы 51,2 %-ға 48,8 %-ды құрайды.

Бұл ретте заманауи сауда форматының үлесі көрсетілген статистикалық көрсеткіштер бойынша елеусіз болып қалуда (сауда базарлары мен «үй жанындағы дүкендердің» алаңдарын ескере отырып, заманауи форматтардың ( супермаркеттер, гипермаркеттер, сауда орталықтары, сауда үйлері) үлесі тұтыну тауарларын сататын сауда алаңдары жалпы қорының 30 %-ынан аспайды.

Ұйымдасқан түрде жұмыс істемейтін немесе заманауи форматқа келтірілмеген сауда базарларының елеулі үлесі тиімді салықтық әкімшілендіруге және салықтық төлемдердің ұлғаюына ықпал етпейді

Маңызды міндет сауда базарларын сауданың заманауи сауда форматтарына көшіру болып табылады.

Бүгінгі таңда сауда қызметінің саласы мемлекеттік қолдаудың әртүрлі бағдарламаларына енгізілмеген, атап айтқанда инвестициялық артықшылықтар алу, Бизнестің жол картасы 2020 бойынша кредиттер алу объектісі болып табылмайды, негізінен жеке кәсіпкерлер қаржыландырады.

Формальды емес жұмыспен қамтылған халықтың жоғары үлесі сауда саласындағы көленкелі экономика үлесінің жоғары болуына ықпал ететін проблемалардың бірі болып табылады.

2012 жылдың қорытындысы бойынша көтерме және бөлшек саудада, автомобильдер, мотоциклдер жөндеуде жұмыспен қамтылғандар саны 1,2 млн. адамды немесе экономикада жұмыспен қамтылған барлық халықтың 14,1 %-ын, олардың ішінен жалдамалы қызметкерлер 576,4 мың адамды, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 624,2 мың адамды, сауда саласында жұмыспен қамтылған халықтың үлесі тиісінше 48,0 %-ды және 52,0 %-ды құрады.

1,18 млн. тіркелген дара кәсіпкерден (бұдан әрі – ДК) сауда саласына 508 мың ДК тартылған.

Жұмыс берушілердің салықтармен және қызметкерлерді әлеуметтік қамсыздандырумен байланысты артық шығындардан қашқақтауға ұмтылатындығы, ал формальды емес жұмыспен қамтылғандар неғұрлым жоғары жалақыны «конверттерде» алатыны формальды емес еңбек қатынастарының дамуына ықпал ететін себептер болып табылады.

Бұл ретте шағын және орта бизнес субъектілері үшін қолданыстағы арнайы салық режимдерінің (патент, оңайлатылған декларация) шығыстарды есепке алудың болмауына әкеп соқтырғаны проблема болып табылады, бұл салық төлеушілердің табыстарын да, сол сияқты олардың контрагенттерінің де

табыстарын толыққанды салық бақылауды жүзеге асыруды қиындатады.

Заңды жалақының төмен деңгейі мен заңдастырылмаған еңбек қатынастары соның салдары болып табылады. Бұдан басқа, біріншіден, бұл жүйе нақты табыстарды жасыру үшін өте қолайлы, өйткені табыстардың деңгейін шығыстармен салыстыру мүмкіндігі жоқ, екіншіден, ынтымақты зейнетақы жүйесіне қатысушылар болып табылмайтын ДК үшін зейнетақы аударымдары төмен, нәтижесінде мемлекеттің мұндай адамдарды зейнетақымен қамсыздандыру ауыртпалығы артады.

Қолданыстағы проблемаларды шешу шеңберінде Жоспарда мынадай шаралар ұсынылады:

1) сауда базарларын заманауи форматқа кезең-кезеңмен ауыстыру бойынша заңнамалық шаралар қабылдау;

2) инвестициялық артықшылықтар берілетін экономикалық қызметтің басым түрлерінің тізбесіне ірі сауда объектілерінің (дүкендердің, сауда үйлерінің) құрылысын енгізу;

3) мемлекеттік қолдау алу мақсатында «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасына заманауи форматтағы сауда объектілерінің құрылысы саласын енгізу;

4) сауда объектілерінің құрылысы саласында МЖӘ-нің жекелеген тетігін құру.

Мемлекеттік қаржылық қолдау шараларын қабылдаған не құрылысқа ( заманауи сауда орталықтарын, сауда-ойын сауық орталықтарын, супермаркеттерді, гипермаркеттерді, сауда-логистикалық объектілерді) екінші деңгейдегі банктер кредитінің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялауға қаржы қаражатын бөле отырып, «БЖК 2020» мемлекеттік бағдарламасына сауда инфрақұрылымының құрылысы саласын енгізген жағдайларда, 2020 жылға дейін мемлекет мынадай нәтижелер алады:

1) 5,37 млн. ш.м. жаңа заманауи форматтағы сауда алаңдары салынады;

2) саудада және сабақтас салаларда 304 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылады (құрылыс кезеңіндегі жұмыс орындарын есепке алмағанда);

3) халықтың сауда алаңдарымен қамтамасыз етілуі 2012 жылғы 100 адамға шаққанда 412 шаршы метрден 2020 жылы 680 шаршы метрге дейін ұлғаяды.

2. Стихиялық сауда және контрафактілік өнімдердің болуы.

Заманауи форматтағы емес базарлардың көп болуынан басқа, мүлдем заңсыз жұмыс істейтін стихиялық сауданың болуы үлкен проблема болып табылады, бұл ретте сауда нарықтарының жалпы санындағы стихиялық сауданың үлесі айтарлықтай көп.

Сауданың осы түрі саудагерлердің салық төлеуден жалтаруына, өткізілетін өнім сапасының төмен болуына ықпал етеді, сондай-ақ сауданың мұндай

нысанында қандай да бір қауіпсіздік кепілдіктері және нарықтарда тұтынушылар құқығын қорғау болмайды.

Осыған байланысты коммуналдық базарлар мен жәрмеңкелердің қызметін реттеудің мемлекеттік саясатын жетілдіру ұсынылады.

Коммуналдық базар қызметін дамыту, сондай-ақ жәрмеңке саудасын ұйымдастыруға жәрдемдесу халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарын қолдауға бағытталған мемлекеттік саясат құралдарының бірі болып табылады. Коммуналдық базарда сатылатын тауарлардың басым бөлігі азық-түліктік емес тауарларға жататынын ескерсек, ең төмен құнмен жалдауға алаңдарды ұсына отырып, коммуналдық базарларды, отандық азық-түліктік емес тауарларды өндірушілерді қолдау ретінде пайдалану қажет.

Бүгінде ел базарларындағы сапасыз контрафактілік өнімдердің саны өте көп. Контрафакцияның қомақты үлесі киімге және аяқ киімге, парфюмерияға, косметика мен жуу құралдарына, алкогольдік және алкогольсіз ішімдіктерге, фармацевтикалық бұйымдарға тиесілі. Музыкалық аудио және бейнеөнімдердің қарақшылығы елде кеңінен өріс алды. Елге контрабандалық өнімдер негізінен Қытайдан, Қырғызстаннан, Үндістаннан және Таяу Шығыс елдерінен түседі. Тауардың кедендік ресімделусіз контрабандалық әкелінуі мен әкетілуі елді едәуір ақша қаражатынан айырады.

Кедендік қылмыстардың көпшілігін кеден қызметкерлері құжаттарды тексеру , көлікті тексеріп байқау, жүктерді және жеке тексеріп байқау кезінде кедендік бақылауды жүзеге асыру барысында анықтайды. Мәселен, контрафактілік өнімнің 2013 жылғы заңсыз айналымы саласында 645 қылмыс анықталған.

Осы салада анықталған қылмыстар бойынша құқық иеленушілерге келтірілген залал 475 млн. теңгеден астам соманы құрады.

2013 жылы аумақтық бөлімшелер контрафактілік өнім шығаратын 79 (32) жасырын цехтың (негізінен бағдарламалық қамтамасыз ету, әртүрлі электрондық дискілердің түрлері) қызметін тоқтатты.

Халықтың қауіпсіздігі мен денсаулығына әсер ететін контрафактілік өнімдерді шығару және сату фактілерін анықтауға, сондай-ақ контрафактілік өнімдерді контрабандалық әкелу фактілерінің жолын кесуге басты көңіл бөлінеді .

Базарларда саудагерлердің тікелей қызметіне тиісті бақылау жүргізілмейді, сондай-ақ аталған сектор қызметінің жоғары кірістілілігін ескере отырып, базарлар иелерінің салықтар төлеуді орындауына тиісінше бақылау жүзеге асырылмайтынын атап өткен жөн. Қорытындысында мемлекеттік бюджетке салықтар мен кедендік алымдар төленбейді, ал тұтынушы қымбат, кепілдіктері мен міндеттемелері жоқ сапасыз тауар сатып алады.

Стихиялық сауданы жою және контрафактілік өнімдер саудасының

айналымын қысқарту мақсатында Жоспарда мынадай шаралар ұсынылады:

1) елді мекендерде сауданы аудандастыру бөлігінде ішкі сауда қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) коммуналдық сауда алаңдарын ұлғайту және мұқтаждарды коммуналдық сауда алаңдарымен қамтамасыз ету.

Нәтижесінде осы шаралардың стихиялық сауданы заңдастыруға және көлеңкелі айналымнан шығаруға мүмкіндік беретіні күтілуде.

2. Ауыл, орман және балық шаруашылығы (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы)

Қазақстанда көлеңкелі экономика аса көп байқалатын салалардын бірі ауыл, орман, және балық шаруашылығы саласы болып табылады. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2012 жылы ауыл, орман және балық шаруашылығы саласындағы көлеңкелі экономиканың үлесі ЖІӨ-нің 3,0 %-ын немесе 910,4 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте ауыл, орман, және балық шаруашылығының жалпы қосылған құны ЖІӨ құрылымында 4,38%-ды алады. Осылайша, ауыл, орман және балық шаруашылығы саласының құрылымындағы көлеңкелі экономиканың үлесі осы саланың ЖҚҚ-на қатысты 68,5%-ды құрайды.

Формальды емес өндіріс агроонеркәсіптік кешендегі (бұдан әрі – АӨК) көлеңкелі экономиканың негізгі көрінісі болып табылады. Жеке шаруашылықтарда көлеңкелі сектордың қатысуы өте көп, өйткені мұнда қолма-қол ақшаның көлеңкелі айналымының айтарлықтай көлемі мен формальды емес жұмыспен қамту шоғырландырылған. Ең алдымен, бұл жеке шаруашылықтардың мал шаруашылығы өнімдерін өсіру мен сатуына қатысты. Айталық, 2012 жылы бұл салада 2172 мың адам немесе жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 25,5 %-ы жұмыс істеді, бұл ретте осы салада өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесі 69,9 %-ды немесе 1519 мың адамды құрады.

Бағалау бойынша жеке қожалықтар ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымының ортақ құрылымында жартысынан астамын (52,7 %) алады. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2012 жылы еттің барлық түрлерінің негізгі өндірушілері 72,6 % ірі қара мал, 63,4 % қой мен ешкі, 65,5 % шошқа, 58,2 % жылқы және 36,7 % құс ұстайтын халықтың жеке қожалықтары болып табылады.

Жеке қожалықтарда әдетте, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық еңбек шарттарын ресімдемей жұмыс істейді. Нәтижесінде жұмыс берушілер әлеуметтік аударымдар мен жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын толық көлемде және уақтылы аудармайды. Мұндай жағдайларда қызметкерлер зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамада көзделген әлеуметтік қорғаудың қарапайым нормаларынан айырылады.

2013 жылы қаржы полициясының деректері бойынша агроөнеркәсіптік кешен желісі бойынша 19 тіркелген қылмыс (2012 жылы – 11), оның ішінде мемлекеттік сатып алу саласында 18 (2012 жылы – 11) қылмыс анықталды. Қылмыстық істердің аяқталған іс жүргізуі бойынша белгіленген залал сомасы 24,6 млн. теңгені құрады (2012 жылы – 12,3 млн. теңге), олардың 13,4 млн. теңгесі (2012 жылы – 12,3 млн. теңге) немесе 54,1 %-ы (2012 жылы – 100 %) өтелді.

Тұтастай алғанда, өндірістің ұсақ тауарлылығын, шикізатты дайындау, тасымалдау мен сақтау логистикасының жетілмегендігін, сауда-логистикалық инфрақұрылымның жетілмегендігін қоса алғанда, АӨК-те көлеңкелі сектордың сақталуына ықпал ететін жүйелі проблемалар бар, бұл базарда көптеген ұсақ саудагерлердің жұмыс істеуіне және өнімдердің негізсіз қымбаттауына ықпал етеді.

Әлемдік практикада ауыл шаруашылығындағы формальды емес еңбек қызметіне қарсы күреске бағытталған түрлі шаралар пайдаланылады. Германияда ауылдық қызметкерлерді әкімшілік рәсімдер процесін оңайлату арқылы ашық еңбек нарығына қосылуға және жұмысқа орналасу кезінде тіркелуге, «mini-jobs» бағдарламасының көмегімен салықтарды азайтуға ынталандыратын жанама шаралар қолданылады. Айталық, 2012 жылы Германияда «mini-jobs» бағдарламасы арқылы тіркелген қызметкерлердің саны 2,6 млн. адамды құрады, бұл 2003 жылы табысы мен білімінің деңгейі төмен, тіркелген ресми қызметкерлердің санынан 3 есеге асып түсті. Италия мен Хорватияда жалдамалы қызметкерлерге астық жинау кезінде әлеуметтік төлемдерді, сақтандыру жарналары мен салықтарды да қамтитын ауыл шаруашылығы қызметтеріне ақы төлеу үшін маусымдық ваучерлер пайдаланылады.

Көлеңкелі экономикалық қызметтің көріністерімен күрес бойынша жүйелі шараларға мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну арқылы АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша жағдайлар жасауға бағытталған Агробизнес – 2020 бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) шеңберінде АӨК жаңғырту кіреді.

Бағдарламаны іске асыру ауылда бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді, салаға инвестициялардың ағылуына, бөлінген бюджет қаражатының тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Бұдан басқа, осы Жоспардың шеңберінде 2014 – 2015 жылдары ауыл шаруашылығында көлеңкелі экономиканың пайда болу себептерін жоюға бағытталған басқа да шараларды іске асыру көзделеді. Олардың негізгілері:

1) жеке қосалқы шаруашылықтарда мал басы есебін жетілдіру;

2) ауыл шаруашылығында экономикалық қызметті заңдастыру, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперацияларын дамыту арқылы;

3) ауыл шаруашылығы саласында Қазақстан Республикасының еңбек және

зейнетақы заңнамасының сақталуын бақылауды жетілдіру;

4) кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізе отырып, ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған халықты заңдастыру бойынша жағдайлар мен ынталандыру шараларын жасау;

5) агроөнеркәсіптік кешенде электрондық форматта мемлекеттік қызметтер көрсету саласын кеңейту;

6) элеваторларда астықты электрондық есепке алуды енгізу.

Жоғарыда көрсетілген шараларды іске асыру ауыл шаруашылығындағы көлеңкелі экономиканың үлесін азайтуы тиіс.

3. Көлік және қоймалау (бұдан әрі – көлік)

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2012 жылы көліктің көлеңкелі экономикаға үлесі ЖІӨ-ге шаққанда 19,2 %-дан 2,7 пайыздық тармақты немесе 819,4 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте көліктің жалпы қосылған құны ЖІӨ құрылымында 7,6 %-ды құрайды. Осылайша, көлеңкелі экономиканың үлесі көлік саласының өз құрылымында осы саланың ЖҚҚ-сына шаққанда 35,7 %-ды құрады, бұл ретте формальды емес экономика 34,4 %-ды және жасырын экономика 1,3 %-ды құрады. Осылайша, көлеңкелі экономика көрінісінің көлік саласындағы негізгі үлесі формальды емес экономикалық қызметпен байланысты. Осылайша, 2012 жылы бұл салада 570,9 мың адам немесе жалпы жұмыспен қамтылғандардың 6,7 %-ы қамтылды, бұл ретте, аталған салада өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесі 30,6 %-ды немесе 174,7 мың адамды құрады.

Көлік саласында өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық, негізінен меншікті автокөлік құралдарын формальды емес түрде тарту арқылы жолаушылар мен жүк тасымалдары бойынша қызметтерді көрсетеді.

Бұдан басқа, автомобиль көлігі саласында бүгінгі күні билеттерді сатудан түскен салықты төлеуден жалтару, жолаушыларды тасымалдау кезінде стандарттарды (тиісті емес немесе қосымша отыратын орындарды орнату және т.б.) бұзу фактілері байқалады. Теміржол көлігінде де теміржол билеттерін алдын ала сатып алып, кейіннен ұлғайтылған құнмен қайта сату арқылы «қайта сату» фактілері бар.

Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің деректеріне сәйкес көлік саласында экономикалық қылмыстың өсуі байқалады. Айталық, 2013 жылы көлік саласында орын алған 277 қылмыстың 186-сы экономикалық қылмыс санатына жатады, ал 2012 жылы 223 қылмыстың ішінен оған 139-ы жатқызылған болатын.

Халықаралық практикаға сәйкес Швейцарияда 2005 жылдан бері Кәсіби көлік түрлері (1998:490), адамдарды лицензияланбаған түрде тасымалдауды анықтау кезіндегі айыппұл, таксишілерге арналған арнайы жүргізуші тестілеуі туралы

Заңға өзгерістер енгізу арқылы салық төлеуден жалтарудың және такси қызметтерін көрсету саласында заңсыз жұмыспен қамтудың жолын кесу жөніндегі шаралар қолданылып келеді. Сондай-ақ Ұлттық салық агенттігі әрбір тасымалдаушы компанияны ресми қаржы құжаттамасы қағидаларына сәйкестігі тұрғысынан тексереді, ал Полиция қызметі барлық таксилердің нақты тұрған жері мен бағдарын анықтау бойынша тексеріс жүргізеді. Бұдан басқа, автомобиль жолдары саласында жолдарды салу және жөндеу жұмыстары көлемінің немесе оларға жұмсалатын шығындардың арту жағдайлары жиілеп кетті, олар жобалардың қымбаттауына және бюджет қаражатының артық жұмсалуына әкеп соқтырды. Мәселен, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің деректеріне сәйкес Қазақстанда 2013 жылы қозғалған 100 қылмыстық істің 42%-ы аталған салада бюджеттік қаражатты жымқыру және алаяқтық фактілері бойынша қылмыстарға тиесілі. Нәтижесінде, бұл жүргізілетін жөндеу жұмыстары сапасының және көлік инфрақұрылымының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкеп соқтырады. Осылайша, көлік қызметтерін ұсыну саласында нарықты қаржылық және техникалық реттеу мен бақылаудың тиімді тәсілдерінің болмауы көліктік-логистикалық инфрақұрылымның жеткіліксіз дамыған жүйесіне және экономикалық контрабанданың өсуіне ықпал етуді жалғастыратын болады.

Жоспардың шеңберінде 2014 – 2015 жылдары көлік саласындағы көлеңкелі экономиканың пайда болу себептерін жоюға бағытталған шараларды іске асыру көзделеді. Олардың негізгілері:

1) қолданыстағы заңнаманың шеңберінде өз қызметін тіркелмей жүзеге асыратын адамдарға қатысты желідегі (қалааралық, облысаралық және халықаралық қатынастарда) бақылауды жетілдіру;

2) жүктерді, атап айтқанда инертті материалдарды тасымалдау кезінде тауарлық-көліктік жүкқұжаттың және өлшеу актісінің болмағаны үшін жауапкершілікті заңды түрде күшейту;

3) билеттерді есепке алу және тіркеу мақсатында е-билеттеу мен « Жолсеріктің мобильді терминалы» бағдарламалық-аппараттық кешенін дамыту мен енгізу жұмысын (2012 жылы терминалдар арқылы 1,2 млн. билет, 2013 жылы 2,3 млн. билет сатылды, 2014 жылы – 3 млн. билет сату жоспарлануда) жалғастыру ұсынылады.

Тұтастай алғанда, қабылданатын шаралар көлік саласындағы көлеңкелі экономиканың үлесін қысқартуға мүмкіндік береді.

4. Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2012 жылы көлеңкелі экономикадағы жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласының үлесі ЖІӨ-ге шаққанда 19,2 %-дан 2,3 пайыздық

тармақты немесе 697,9 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте ЖІӨ құрылымында жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялардың жалпы қосылған құны 8,8 %-ды алады. Осылайша, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласының өз құрылымындағы көлеңкелі экономиканың үлесі аталған саланың ЖҚҚ-на шаққанда 26,2 %-ды құрайды, оның ішінде 13,7 %-ы формальды емес экономикаға, 12,6%-ы жасырын экономикаға тиесілі.

Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласындағы көлеңкелі экономиканың негізгі көріністері формальды емес сектор және салықтарды төлеуден жалтару мақсатында қызметтерді жасырын көрсету, атап айтқанда, жылжымайтын мүлікті тапсыру және жалға беру болып табылады.

Қазіргі уақытта жалдамалы тұрғын үй нарығы бақыланбайтын қызмет саласы болып табылады. Мысалы, пәтер иелерінің кооперативтері (бұдан әрі – ПИК) пәтерлерін жалға тапсыратын пәтер иелері туралы сенімді ақпаратқа ие бола отырып, салық органдарымен белсенді ынтымақтастыққа бармайды. Мұндай қарым-қатынастың себебі ПИК-тің ақпарат беруге мүдделі еместігі болып табылады. Айталық, меншік иелері тұрғын үйді, офистік үй-жайларды тиісті шарт ресімдемей және фискалдық чектерді ұсынбай жалға береді, бұл қосымша табыс алуға және бюджетке салық төлеуден жалтаруға мүмкіндік береді.

2012 жылы жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласында 112 мың адам қамтылды, оның ішінде аталған салада өз-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесі 14,2 %-ды немесе 16 мың адамды құрайды.

Жоспардың шеңберінде 2014 – 2015 жылдары жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласында көлеңкелі экономиканың пайда болу себептерін жоюға бағытталған шараларды іске асыру көзделеді. Олардың негізгісі тұрғын үйлерін жалға беретін және мүліктік табыс алған жеке тұлғалардың жеке табыс салығының сомасын төлеуі және оларды салық органдарында тіркеу есебіне қою бойынша жауапкершілігін заңды түрде қатаңдату болып табылады.

Шараларды қабылдаудың нәтижесінде:

1) жылжымайтын мүлік нарығындағы шарттық қатынастар жүйесімен қамту;

2) жылжымайтын мүлікпен заңсыз мәмілелер жасаумен байланысты жағдайларды қысқарту;

3) жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялардағы қадағаланбайтын экономика үлесінің төмендеуі күтіледі.

5. Өнеркәсіп

Өнеркәсіп саласындағы бұзушылықтар негізінен ішкі және сыртқы нарықтарда мұнай мен мұнай өнімдерін сату кезінде алынатын нақты табыстарды жасыру мақсатында орын алады. Мұнай ұрлау негізінен екі тәсілмен жүзеге асырылады:

1) әртүрлі мұнай қондырғыларынан, уақытша қоймалардан, кен орындарында орналасқан, тоқтатып қойылған ұңғымалардан, оларға қол жеткізуді, әдетте, мұнай өндіру компанияларының қызметкерлері қамтамасыз етеді;

2) мұнай құбырларын кіре кесу арқылы.

Бұдан әрі заңсыз өндірілген мұнай осы мақсаттар үшін құрылған фирмалар арқылы заңды айналымға, яғни мұнайды жер қойнауын пайдаланушылардан сатып алғаны туралы жалған құжаттарды пайдалана отырып, заңсыз алынған мұнайды делдалдан делдалға құжаттама түрінде беру арқылы тартылады. Бұдан кейін мұнай қайта өңдеуге беріледі не экспортқа шығарылады.

Мұнай өнімдерінің «көлеңкелі» айналымындағы жоғары криминогендік тәуекелдер жөнінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті жүргізген талдау айғақтайды. Нарық субъектілері «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) талаптарын орындамайтыны, ал аталған бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік көзделмегені белгіленіп отыр.

2012 жылы мұнайды мұнай өнімдері ретінде заңсыз шығару жолымен Кеден одағы шеңберінде міндетті төлемдерді төлеуден жалтару мақсатында жүзеге асырылатын қылмыстардың жаңа схемалары анықталды. Атап айтқанда, Ресей компаниялары Қазақстанға мұнайды ықтимал өңдеу үшін жеткізеді, ол өңделмей, кейіннен мұнай өнімдері ретінде экспортқа жіберіледі. Бұл ретте, шикі мұнайдың экспорты мен ауыр мұнай өнімдері арасындағы бюджетке төлемдердегі айырмашылық бір тонна үшін шамамен 150 – 200 АҚШ долларын құрайды.

2013 жылы 299 (2012 жылы – 60) қылмыс анықталды, заңсыз айналымнан 2,8 (3,3) мың тоннадан астам мұнай мен мұнай өнімдері алынды. Криминалдық « табыс» 4 (12,7) млрд. теңгені құрады.

Атап айтқанда, 2013 жылы мұнайдың шыққан жерінің заңдылығын растайтын құжаттарсыз мұнай сату фактісі 6,7 есе артық (24-ке шаққанда 161) анықталды, ал 2011 жылы мұндай қылмыстар анықталмаған.

Ұрланған мұнайды өңдеу бойынша 3 (2) жасырын цех қызметінің жолы кесілді.

Сонымен қатар, мұнайды барлық ықтимал болатын мұнай өнімдері ретінде экспорттау шешілмеген проблема болып қалуда.

Көрсетілген операциялар экспорттық бажды және рента салығын төлеуден жалтару мақсатында жүргізіледі.

Ресей Федерациясының тәжірибесін ескере отырып, мұнайға және мұнай өнімдеріне салынатын баждардың мөлшерлемелерін теңестіру мүмкіндігі пысықталуда, бұл қандай да бір бүркемеленген схемалардың қолданылуын мағынасыз етеді.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы өнімді бөлу туралы келісімдер (бұдан әрі – ӨБК) жасасқан жер қойнауын пайдаланушы компанияларға назар аудару қажет .

ӨБК-ге сәйкес Қазақстан төленген салықтарды қоса алғанда, көрсетілген кәсіпорынның барлық шығындарын өтейді. Осындай жекелеген компаниялар импортталатын және экспортталатын тауарлардың құнымен айла-шарғы жасауды кеңінен пайдаланады.

Осылайша, көрсетілген компаниялардың іс-қимылымен мемлекетке тікелей залал келтіріледі.

Кеден құжаттарында декларацияланатын жүктер атауларының өзгеру жағдайларының жиілеп кеткені кеден декларацияларында көрсетілгенмен салыстырғанда нақты әкетілетін немесе әкелінетін жүктерді санының артуы және басқалары атап өтіледі.

Жедел әдістермен қатар, аталған санаттағы қылмыстар кәсіпкерлік қызметке араласпай, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінде (бұдан әрі – Агенттік) бар деректер базасын пайдалана отырып, мұнай берушілер қызметін талдау арқылы анықталды.

Осындай жолмен құжат түрінде барлығы 28 қылмыс анықталды.

Бұл туралы Агенттіктің бастамасы бойынша қылмыстық істерді тексеру шеңберінде Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі жүргізген Атырау мұнай өңдеу зауытының қызметін тексеру нәтижелері бойынша байлам жасауға болады. Айталық, егер 2009 жылы шығу тегі белгісіз 285 мың тонна мұнай қайта өңделген болса, 2012 жылы жеткізудің көлеңкелі айналымы бар болғаны 21 мың тоннаны, ал 2013 жылы тек 1,5 мың тонна мұнайды құрады.

Сонымен қатар, мұнайды мұнай өнімдерінің барлық ықтимал түрлері ретінде экспорттау проблемасы шешілмеген күйінде қалып отыр. Көрсетілген операциялар экспорттық бажды және рента салығын төлеуден жалтару мақсатында жүргізіледі.

Мұнайға және мұнай өнімдеріне баждар мөлшерлемелерін теңестіру бойынша жұмыс жүргізілуде, бұл қандай да бір бүркемеленген схемаларды қолдануды тиімсіз етеді.

Тұтастай алғанда, нарыққа қатысушылардың, мұнай өңдеу зауыттары мен уәкілетті мемлекеттік органдардың арасында ақпараттық өзара іс-қимылдың болмауы қылмыстар жасау үшін қолайлы жағдайлар туғызады. Оның үстіне, жер қойнауын пайдаланушылар өндірілетін шикізаттың есебін тиісті түрде жүргізбейді.

Сондай-ақ көптеген мәмілелерді көлбегейлеу үшін көбінесе жұмыс істемейтін шетелдік фирмалармен жалған келісімшарттар жасалады, жалған құжаттар

ресімделе отырып, жүктерді жалған декларациялау жүргізіледі. Жалған кедендік және өзге құжаттарды қолдан жасау, валютаны кейіннен айырбастау және шетелдік банктердегі шоттарға аудара отырып жалған келісімшарттар аясында банк кредиттерін алу жағдайлары жиі кездеседі. Сыртқы сауда мәмілелерін жүзеге асыру кезінде толық көлемде алынатын валюта қаражаты көбінесе жасырылып жатады. Валютаны жылыстату арналарының бірі шетелдік фирмалар болып табылады. Іс жүзінде жеткізілмеген тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер үшін бөлінетін ақша қаражаты қазақстандық банктердегі шетелдік фирмалардың шоттарына бағытталады және одан кейін корреспонденттік шоттар арқылы шет елдерге жіберіледі.

Өнеркәсіп саласындағы құқық бұзушылықтарды қысқарту үшін жүйелі негізде тиісті мемлекеттік органдар арасында тиісті түрдегі өзара іс-қимыл мен ақпарат алмасуды қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ Жоспар шеңберінде:

1) мұнай және мұнай өнімдерін, қатты пайдалы қазбаларды, жер асты сулары және кең таралған пайдалы қазбалар өндірісі мен айналымын, сондай-ақ уәкілетті және бақылаушы мемлекеттік органдардың қолданыстағы ақпараттық жүйелермен интеграциялануын бақылау мақсатында қолданыстағы «Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай мемлекеттік басқару жүйесі» ақпараттық жүйесін және ілеспе инфрақұрылымды пысықтау;

2) МӨЗ-ге мұнай жеткізуде жер қойнауын пайдаланушыдан МӨЗ-ге дейін делдалдарды бір буынға дейін қысқартуды көздейтін, сондай-ақ шағын МӨЗ-дер үшін де осыған ұқсас норманы енгізу;

3) өндіріс паспортын кері қайтарып алу рәсімін әзірлеу, өндіру паспортына ұлттық стандарттарға немесе республикадағы қолданылатын мемлекетаралық стандарттарға сәйкес келетін мұнай өнімдері өндірісіне арналған регламентті енгізу;

4) МӨЗ-ге қайта өңдеуге түсетін мұнайдың шыққан жерінің заңдылығын куәландыратын құжаттар тізбесін бекіту көзделеді.

Аталған іс-шаралардың нәтижесі мұнайды құжатсыз өткізу фактілерін анықтау, ұрланған мұнайды қайта өңдейтін жасырын цехтар қызметінің жолын кесу және мұнайды мұнай өнімдерінің ықтимал түрлерімен экспорттау мәселелерін шешу болуы тиіс.

## Күтілетін нәтижелер

Көлеңкелі экономиканың алдын алуға және оның пайда болу себептерін жоюға бағытталған Жоспардың іс-шараларын іске асыру нәтижесінде бақыланбайтын экономиканың үлесі ЖІӨ-ге қатысты 2012 жылғы 19,2 %-дан 2014 жылы 19 %-ға дейін, 2015 жылы - ЖІӨ-ге қатысты 18,7 %-ға дейін

төмендейді деп күтілуде.

Бұл ретте салалық бөліністе мыналар күтіледі.

1. «Көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу» саласында бақыланбайтын экономиканың үлесі 2012 жылғы 28,9 %-дан 2014 жылы 28,5 %-ға дейін және 2015 жылы 28,2 %-ға дейін төмендейді.

2. «Ауыл, орман және балық шаруашылығы» саласында бақыланбайтын экономиканың үлесі 2012 жылғы 68,5 %-дан 2014 жылы 68,0 %-ға дейін және 2015 жылы 67,5 %-ға дейін төмендейді.

3. «Көлік және қоймаға жинау» саласында бақыланбайтын экономиканың үлесі 2012 жылғы 35,7 %-дан 2014 жылы 35,1 %-ға дейін және 2015 жылы 34,4 %-ға дейін төмендейді.

4. «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар» саласында бақыланбайтын экономиканың үлесі 2012 жылғы 26,2 %-дан 2014 жылы 25,9 %-ға дейін және 2015 жылы 25,0 %-ға дейін төмендейді.

5. «Өнеркәсіп» саласында бақыланбайтын экономиканың үлесі 2012 жылғы 5,2 %-дан 2014 жылы 5,0 %-ға дейін және 2015 жылы 4,9 %-ға дейін төмендейді.

Бұдан басқа, «Салық және кеден төлемдерін төлеуден жалтарумен күрес» бағыты бойынша жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде фискалдық әкімшілендірудің жақсаруы, салық төлеуден жалтарудың қысқаруы, кеден және салық рәсімдерінің жетілдірілуі күтіледі.

Жалпы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бағалауы бойынша Жоспарда осы бағыт бойынша көзделген шараларды іске асыру көлеңкелі айналымнан 1,1 трлн. теңгені шығаруға мүмкіндік береді.

«Қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту» бағыты бойынша шараларды іске асыру жиынтығында елде қолма-қол ақшасыз төлемдердің тиімді дамуын, нарық субъектілерінің шығыстарын айтарлықтай төмендетуге және төлемдердің қауіпсіздігін арттыруды қамтамасыз етуге қабілетті технологиялық ортаны құруға мүмкіндік береді.

Шараларды қабылдаудан күтілетін нәтиже қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемінің жылына кемінде 5 % өсуі болмақ.

Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың 2014 – 2015 жылдарға арналған кешенді жоспарына қосымша

**Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың 2014 – 2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

| Р/с № | Көлеңкеге кетуге ықпал ететін жағдайлар (себептер) | Салдары | Іс-шара | Аяқтау нысаны | Іске асыру мерзімі | Жа оры |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. Жалпы жүйелік шаралар | | | | | | |
| 1.1. Салық пен кедендік төлемдерді төлеуден жалтаруға қарсы күрес | | | | | | |
| 1. | Қосылған құнға салынатын салықты әкімшілендіру жүйесінің тиімсіздігі | Салық төлеуден жалтару, жалған кәсіпорындар санының өсуі | ҚҚС төлеушілер үшін арнайы ҚҚС-шотын енгізу мәселесі бойынша заңнамалық шараларды ҰКП-мен талқылау, әзірлеу және енгізу | Заң жобасының тұжырымдамасы және ВАК-қа шығару ҚР Парламентіне Заң жобасын енгізу | 2014 жылғы қазан 2015 жылғы маусым | Қар ЭБ кел ) |
| 2. | | | Барлық ҚҚС төлеушілердің электрондық шот-фактураларды қолдану мәселесі бойынша заңнамалық шараларды енгізу | Заң жобасының тұжырымдамасы және ВАК-қа шығару ҚР Парламентіне Заң жобасын енгізу | 2014 жылғы қазан 2015 жылғы маусым | Қар ЭБ кел ) |
| 3. | | | ҚҚС бойынша есепке қою кезінде талаптарды қатаңдату мәселесі бойынша заңнамалық шаралар енгізу | Заң жобасының тұжырымдамасы және ВАК-қа шығару ҚР Парламентіне Заң жобасын енгізу | 2014 жылғы қазан 2015 жылғы маусым | Қар ЭБ кел ) |
| 4. | Салық төлеуден жалтару үшін жалған шот-фактураларды пайдалану | Салық төлеуден жалтару | Салықтық тексерулер жүргізу кезінде мәннің нысаннан басым болуының қағидатын енгізу және салық есептілігінің қосымша нысандарын қабылдау мәселесі бойынша заңнамалық шараларды талқылау, әзірлеу және енгізу | Заң жобасының тұжырымдамасы және ВАК-қа шығару ҚР Парламентіне Заң жобасын енгізу | 2014 жылғы қазан 2015 жылғы маусым | Қар ЭБ ҰК бой |
| 5. | | | Кредиттік ұйымдар, бағалы қағаздар нарығының басқа кәсіпқой қатысушылары және жылдам төлемдер жүйесі арқылы ақшаны жылыстату бойынша «көлеңкелі» қаржылық қызметтердің схемаларын | Бірлескен бұйрық | 2014 жылғы қыркүйек | Қар ЭС бой кел |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Заңсыз қызмет түрлерін жүзеге асыру | Заңсыз жолмен алынған ақшаны жылыстату және оны заңдастыру | мониторингтеу және қаржылық талдау әдістемесін әзірлеу | | | ), бой |
| 6. | | | Қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамалық және нұсқамалық актілерді сыбайлас жемқорлық нормаларының болуы тұрғысынан талдау және ұсыныстар енгізу | ПМК-ге ұсыныстар | 2014 жылғы қыркүйек | БП бой Қар ЭБ (ке бой |
| 7. | Ақпараттық технологиялар саласында заңнаманың жетілмегендігі. Қылмыстық-құқықтық заңнаманың жетілмегендігі. Қылмыстық–құқықтық заңнаманың жетілмегендігі | Интернет кеңістік арқылы көлеңкелі операцияларды пайдалану. Қаржылық пирамидалардың заңдылығы, салық салынбайтын интернет-сауда | Интернет желісінде көлеңкелі операцияларды реттеу жөніндегі заңнамалық шаралар енгізу | Заң жобасының тұжырымдамасы және ВАК-қа шығару ҚР Парламентіне Заң жобасын енгізу | 2014 жылғы қазан 2015 жылғы маусым | Б А Қар ЭБ кел ), І бой ЭС бой |
| 8. | Салықтық тексерулердің сапасы мен ашықтығының жеткіліксіздігі | Салықтардың толық түспеуі, сыбайлас жемқорлық | Ірі салық төлеушілерге салықтық тексерулер жүргізу барысында Е-аудитті енгізу мәселесі бойынша заңнамалық шаралар енгізу | Заң жобасының тұжырымдамасы және ВАК-қа шығару ҚР Парламентіне Заң жобасын енгізу | 2014 жылғы қазан 2015 жылғы маусым | Қар ЭБ |
